



"Өзенмұнайгаз" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 маусым N 757

Халықаралық қайта жаңарту және Даму Банкінің (ХҚЖДБ) шарттарын уақытылы орындау және оларды Өзен мұнай кен орнын қалпына келтіру жобасы бойынша займ бөлу аталған Банктің Директорлар Кеңесінің қарауына ұсыну мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Өзенмұнайгаз" өндірістік бірлестігін әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін, қалған барлық өндірістерді, Қазақ газ өңдеу зауыты мен Маңғыстау газ өндіру басқармасын қоса, акционерлік қоғамның құрамына сақтай отырып, акционерлік қоғамның жарғылық қорынан шығарып, акционерлендіру жөніндегі;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің "Өзенмұнайгаз" акционерлік қоғамының өндірістерін қайта құрылымдау және еңбек ресурстарын оңтайландыру жоспарын" жасау жөніндегі;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің "Өзенмұнайгаз" акционерлік қоғамының айналым капиталын қаржыландыру жоспарын" жасау жөніндегі шешімдері мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкіне құжаттарды өздеріне белгіленген мерзімдерде жолдайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК